

## Боранбаева Ақтолқын Раисбекқызының

«БД010300 - Педагогика және психология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін қорғауға ұсынылған «Болашақ мұғалімдердің кәсіби өздігінен білім алуға даярлығын қалыптастыру» атты тақырыбындағы диссертациялық жұмысына

### АНДАТПА

**Зертеудің көкейкестілігі.** Қазақстанның рухани жаңғыру аясында білім саласындағы жаһандық бәсекелестікке неғұрлым бейімделген мамандардың кәсіби-шығармашылық деңгейіне, өндіріс пен әлеуметтік саладағы ғылымдардың жетістіктеріне және ақпараттық технологияны енгізу мерзімінің қысқартылуына қойылатын талаптар күшеюде. Бұған, Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Жолдауында «Адами капитал – жаңғыру негізі. Білім берудің жаңа сапасы. Білім беру жүйесінің рөлі өзгеруге тиіс. Біздің міндетіміз – білім беруді экономикалық өсудің жаңа моделінің орталық буынына айналдыру. Жоғары оқу орындарында білім беру бағдарламаларын сыни ойлау қабілетін және өздігінен іздену дағдыларын дамытуға бағыттау қажет» - деген сөзі дәлел болады.

Білім алушы тұлғасының жан-жақты даму қажеттілігі Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңында Білім беру жүйесінің бірінші міндетінде «ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіптік шыңдауға бағытталған сапалы білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау» - деп атап көрсетілген болатын.

Осы төртінші өнеркәсіптік революция дәуіріне, технологиялық, экономикалық және әлеуметтік салалардағы терең және қарқынды кезеңге қадам басып отырған жағдайда бүгінгі білім беру жүйесіне, ұрпақ тәрбиесіне ұлттық дәстүрлерді сақтай отырып, әлемдік озық деңгейлерге жету, бәсекеге қабілеттілікпен танымал болу көзделуде. Бұл тұрғыда 100 нақты қадам – Ұлт жоспары жүзеге асырылуда. Оның 60 қадамы қазірдің өзінде орындалып қойды. Қалғандары, негізінен, ұзақ мерзімге арналған және жоспарлы түрде іске асырылуда. Соның ішінде жоғары оқу орындарының Еуропалық жоғары білім беру аймағына енуі айрықша мәнді шара. Бұл оқиғаны білім беру жүйесінде көрініс алған елеулі тарихи оқиға десе болады.

Бүгінгі таңда Қазақстанның әлемдік академиялық бірлестікке бірігуі және Республиканың жоғарғы оқу орындарында ашық білім кеңістігінің қалыптасуы негізінде маңызды мәселе – жоғарғы кәсіби білімнің заман талаптарына сай сапасын көтеру мәселесі қаралуда. Оның қатарында жоғары оқу орындарында білім беру бағдарламаларын халықаралық білім беру стандарттарына сай қамтамасыздарды атап өтуге болады. Оған сәйкес біртұтас педагогикалық үдеріске жаңалықтарды ендірілуде.

Жоғары білім беру жүйесі үшін жаңғырту жоспары бүгінде өз қызметінің тиімділігі көтеруге бағытталған, нақты жүзеге асырылатын қадамдардың бірі. Жоғары оқу орындарында заман талаптарына сай болашақ маманның толыққанды білімін қалыптастыру, өздігінен жұмыс істеуге және білім дағдыларын дамытуға жағдай жасау талап етілуде.

Осыған орай білім беру үдерісін бүгінгі күн талабына сай жаңаша ұйымдастыру ғалымдардан оның философиялық, педагогикалық-психологиялық негіздерін, теориясы мен тәжірибесін терең зерттеуді, заманауи талаптарына қарай білім беру технологиялары мен әдістерін, дүниетанымның ұстанымдарын қайта қарастыруды, рухани-адамгершілік құндылықтарға бетбұрыс жасауды талап етеді.

Соның бірі, жаңаша білім беру – жаңа білім мен дағдыны меңгерген, шығармашылық қабілеті жоғары, дербес ізденіс нәтижесінде елеулі мәселелердің шешіміне қол жеткізетін, ойлау қабілетімен ерекшеленетін тұлғаны қалыптастыру. Өйткені мемлекеттің қазіргі даму жағдайында шығармашылық ізденіс пен үздіксіз өздігінен білім алуға бейім тұлғаларға қажеттіліктер артуда.

Заманауи жағдайда шығармашылық ізденіс пен «өмір бойы білім алу» тұжырымы бойынша «барлық уақытта, кез-келген жерде өздігінен білім алуға» қол жеткізу мәселесі, үздіксіз өздігінен білім алуға деген ұмтылыстың, проблеманың пайда болуы, ең алдымен, әлеуметтік-экономикалық факторларға байланысты және бұл проблемаларды заманауи білім алуға қажетті құралдармен де, жеке тұлғаның және бірлескен ұжымның қоршаған ортаға көзқарасын, қатынасын қайта бағдарлау жолымен де шешуге болады.

Сол себепті қазіргі жоғары педагогикалық оқу орындарында білімге деген қажеттіліктерін басқаруға қабілетті, оларды үздіксіз байытуға, инновацияларға дайын, нақты жеке мақсаттарын қалыптастыра алатын, шығармашылық қабілеттерін өздігінен дамытуға икемді болашақ мамандарды даярлау қажеттілігі артып отыр. Болашақ мұғалімнің өзінің кәсіби дамуы жолын іздестіруге бағытталған жеке өзін-өзі дамытуына және өзін-өзі жетілуіне байланысты кәсіби дағдыларының өсуі оның болашақ кәсіби қызметінде табыстылықпен өзін-өзі растауына, толыққанды өзін-өзі жүзеге асыруына мүмкіндіктер береді. Осыған байланысты, болашақ мұғалімнің кәсіби іс-әрекетінде табысқа жету құралы тұрғысынан өздігінен білім алуға даярлықты қалыптастыру үшін университетте жағдай жасау маңызды. Бүгінгі күні университет студенттерінің өздігінен білім алу іс-шараларын ұйымдастыру мен жүзеге асыруда қиындықтар бар екендігі ақиқат.

Алайда бұл мәселе ғылыми әдебиеттерде зерттеуден тыс қалмаған. Өздігінен білім алу мәселесі А.Я.Айзенберг, А.К.Громцева, И.Л.Наумченко және басқа ғалымдардың зерттеулерде көрініс тапқан.

Білім алушыларға үздіксіз білім беру аясында өздігінен білім алудың жолдары Б.Ф.Райский, Е.П.Белозерцев, В.Прокопюк және т.б. ғалымдардың еңбектерінде қарастырылған.

Студенттердің өздігінен білім алуын ұйымдастыру мәселелері

Ю.К.Бабанский, Б.П.Есипов, Ф.В.Письменский, С.Ж.Османова, және т.б. еңбектерінде негізделген.

Өздігінен білім алуды оқу үдерісінде қолдану мәселесі У.С.Абдукаримова, К.А.Дүйсенбаев, Р.М.Микельсон, В.Д.Мороз, А.В.Бабаян, және т.б. ғалымдардың еңбектерінде де зерттеу нысанына алынған.

Өздігінен білім алуды психологиялық тұрғыда С.Л.Рубинштейн, Н.Ф.Талызина, А.В.Петровский және т.б. ғалымдар негіздесе, өздігінен білім алуды дамыту мәселелері А.Б.Беляев, А.Ш.Демеуов, және басқада ғалымдардың еңбектерінде қарастырылған.

Білім алушылардың өздігінен білім алуын дамытуда ақпараттық-технологияларды қолдануда көптеген жетістікке жететіні туралы, А.К.Мыңбаева, Қ.А.Сарбасова, И.В.Роберт, және т.б. еңбектерінен айқын көрінеді.

Ал, болашақ мамандарды кәсіби даярлаудың теориясы мен практикасының (В.В.Краевский, В.А.Сластенин, В.Б.Кузьмина, Н.Д.Хмель, Ш.Т.Таубаева, Б.Ә.Әбдікәрімұлы, А.Е.Абылқасымова, Г.Ж.Меңлібекова, А.К.Мыңбаева, Б.А.Жетпісбаева, К.М.Беркимбаев, Ұ.М.Әбдіғапбарова, Р.С.Омарова, және т.б.) жан-жақты дамуын өздігінен білім алумен байланыстыра қарастырып отыр.

Соның ішінде біздің еңбегімізге жақын келетін диссертациялық зерттеулерде Н.Б. Жаманқұлова студенттердің өздігінен білім алу білік, дағдыларын қалыптастырудың дидактикалық негіздерін зерделесе, Н.Ю.Кифик, Б.З.Андасова, кредиттік оқыту жағдайында болашақ мұғалімдердің өздігінен білім алу құзыреттілігін қалыптастыруды қарастырған. К.Б. Сматова жоғары оқу орындарында өзіндік жұмыстар арқылы студенттердің оқу біліктерін қалыптастыруды негіздесе, Н.Уәлиева студенттердің өзіндік жұмысын ұйымдастыру негізінде олардың құзыреттілігін қалыптастыруды зерттеген. Р.Б.Исмайлова өзіндік жұмыс арқылы студенттердің кәсіби бағыттылығын қалыптастыруды теориялық-әдістемелік тұрғыдан негіздеген.

Сонымен жоғарыда көрсетілген әдебиеттерге жасалған талдау мен тәжірибедегі бүгінгі жағдайды зерттеу, осы мәселе төңірегінде *қарама-қайшылықтардың* бар екендігін көрсетті:

- қоғамның кәсіби өздігінен білім алуын жүзеге асыруға қабілетті мұғалімдерге сұранысы мен оның қазіргі педагогикалық жоғары оқу орны оқу-тәрбие үдерісінің өздігінен білім алуға жеткіліксіз бағдарлану тәжірибесі арасында;

- қазіргі педагогикалық жоғары оқу орны оқу-тәрбие үдерісінде болашақ мұғалімдердің кәсіби өздігінен білім алуға даярлығын қалыптастыру мен оның теориялық-әдістемелік негіздерінің жеткілікті зерттелмеуі арасында.

Осы *қарама-қайшылықтың* шешімін іздестіру бізге зерттеу проблемасын анықтауға және тақырыпты: **«Болашақ мұғалімдердің кәсіби өздігінен білім алуға даярлығын қалыптастыру»** деп таңдауымызға себеп болды.

**Зерттеу нысаны:** жоғары педагогикалық оқу орнының оқыту үдерісі

**Зерттеу пәні:** болашақ мұғалімдердің кәсіби өздігінен білім алуға даярлығын қалыптастыру

**Зерттеу мақсаты** – болашақ мұғалімдердің кәсіби өздігінен білім алуға даярлығын қалыптастыруды теориялық негіздеу, әдістемесін жасау және оның тиімділігін экспериментте тексеру

**Зерттеудің ғылыми болжамы:** егер, «өздігінен білім алу», «кәсіби өздігінен білім алу» ұғымдары нақтыланып, болашақ мұғалімдердің кәсіби өздігінен білім алуға даярлығын қалыптастырудың мәні анықталса, болашақ мұғалімдердің кәсіби өздігінен білім алуға даярлығын қалыптастырудың педагогикалық шарттары айқындалса, құрылымдық-мазмұндық моделі, әдістемесі жасалса және олар жоғары педагогикалық оқу орындарының оқыту үдерісіне тиімді ендірілсе, онда болашақ мұғалімдердің тұлғалық еркіндік сапалары, мақсатқа бағытталған өзін-өзі ұйымдастыру, өзін-өзі жүзеге асыру білім, біліктері дамып, олардың кәсіби өздігінен білім алуға даярлығы қалыптасады, өйткені олардың кәсіби тұлғалық жетілуіндегі өзіндік танымдық іс-әрекеті тұжырымдамалық, технологиялық, нәтижелік тұрғыдан қамтамасыздандырылады.

**Зерттеу міндеттері:**

- «өздігінен білім алу», «кәсіби өздігінен білім алу» ұғымдарын нақтылау және болашақ мұғалімдердің кәсіби өздігінен білім алуға даярлығын қалыптастырудың мәнін анықтау

- болашақ мұғалімдердің кәсіби өздігінен білім алуға даярлығын қалыптастырудың педагогикалық шарттарын айқындау

- болашақ мұғалімдердің кәсіби өздігінен білім алуға даярлығын қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделін жасау

- болашақ мұғалімдердің кәсіби өздігінен білім алуға даярлығын қалыптастыру әдістемесін жасау және оның тиімділігін тәжірибелік-эксперимент жүзінде тексеру

**Зерттеудің жетекші идеясы:** жоғары педагогикалық оқу орындарының оқыту үдерісінде студенттердің кәсіби өздігінен білім алуға даярлығының қалыптасуы төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктерін жүзеге асыруға икемді, кәсіби тұлғалық өзін-өзі жетілдіру қабілеті дамыған, озық ізденістегі, шығармашыл, бәсекеге қабілетті мамандардың даярлануына септігін тигізеді.

**Зерттеудің теориялық және әдіснамалық негіздері:** кәсіби тұрғыда өздігінен білім алудың теориясы, жеке тұлға теориялары; кәсіптік еңбек әрекеті туралы философиялық, әлеуметтанушылық, психологиялық тұжырымдар; біртұтас педагогикалық үдеріс теориясы; оқыту үдерісінің әдіснамалық негіздері; қазіргі білім беру проблемалары; кәсіптік білім беру; білім беру мазмұнын дамытуға ықпал ететін педагогикалық-психологиялық және философиялық тұжырымдары мен ұстанымдары.

**Зерттеу көздері:** зерттеу проблемасы бойынша Қазақстан Республикасы үкіметінің ресми құжаттары, ҚР «Білім туралы» Заңы, «Қазақстан-2050» стратегиясы, Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды

дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы, ҚР Білім және ғылым министрлігінің кәсіптік жоғары білім беру бағдарламалары, мемлекеттік стандарттар, оқу жоспарлары мен бағдарламалары, білім беру саласын ақпараттандыру тұжырымдамасы мен бағдарламасы; философия, психология, педагогика, саласындағы ғылыми еңбектер; озық тәжірибелер, сонымен бірге диссертанттың педагогикалық және зерттеушілік іс-тәжірибесі.

### **Зерттеудің кезеңдері**

**Бірінші кезең (2015-2016ж.ж.)** тәжірибелік-ізденіс жұмыстары; зерттеліп отырған мәселенің жағдайы зерделенді, қажетті материалдар іріктеліп, жүйеге келтірілді. Зерттеудің бастапқы қағидалары анықталды. Тәжірибелік-эксперимент жұмысының әдістемесі дайындалды, болашақ мұғалімдердің кәсіби өздігінен білім алуға даярлығын қалыптастырудың мәні анықталды. Жинақталған теориялық және дәйекті материалдарға талдау берілді; болашақ мұғалімнің өздігінен білім алуының кәсіби іс-әрекет түрлеріне сәйкес мазмұндық, іс-әрекеттік сипаттары анықталды; анықтау эксперименті жүзеге асырылды; болашақ мұғалімдердің кәсіби өздігінен білім алуға даярлығын қалыптастырудың моделі жасалды, анықтау экспериментінің нәтижелері өңделді.

**Екінші кезеңде (2016-2017ж.ж.)** зерттеу проблемасы бойынша теориялық-әдістемелік тұрғыдағы жұмыстары жалғасын тапты; қазақ тілі мен әдебиеті (бакалавр) мамандығы бойынша ҚР Жалпыға міндетті кәсіптік білім беру стандарттарына мен білім беру бағдарламаларына талдау жасалды. Оқу-әдістемелік құралдар мен бағдарламалық кешендер жарық көріп, оқу үдерісіне ендірілді, ғылыми мақалалар дайындалып, баспадан шығарылды. Болашақ кәсіби өздігінен білім алуға даярлығын қалыптастырудың оқу-тәрбие үдерісінің құрылымы жетілдіріліп, әдістемелер ұсынылды. Болашақ мұғалімдердің кәсіби өздігінен білім алуға даярлығын қалыптастыруға бағытталған қажетті эксперимент материалдары негізінде қалыптастыру эксперименті жүзеге асырылды.

**Үшінші кезеңде (2017-2018ж.ж.)** тәжірибелік-экспериментті қорытындылау жұмыстары; қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы болашақ мұғалімдеріне кәсіптік мемлекеттік міндетті модульдер, ЖОО элективтік модульдер, кәсіби модульдер блогын оқытудың бағдарламасын, әдістемелік қамтамасыздандыруын және педагогикалық технологиясын жетілдіру үстіндегі жұмыстары жалғасты. Қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы болашақ мұғалімдеріне мемлекеттік міндетті модульдер, ЖОО элективтік модульдер, кәсіби модульдер блогынан білім берудің әдістемесін жасау принциптері негізделіп, оқыту үдерісіне ендірілді. Қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы болашақ мұғалімдеріне мемлекеттік міндетті модульдер, ЖОО элективтік модульдер, кәсіби модульдер блогы бойынша оқытудың әдістемесінің тиімділігі *тәжірибелік-экспериментте тексерілді*. Тәжірибелік эксперимент нәтижелері қорытындыланды, деректер статистикалық өңдеуден өтті. Пайдаланылған әдебиеттер жүйеге келтірілді.

**Зерттеу әдістері:** философиялық, психологиялық-педагогикалық, оқу-

әдістемелік еңбектерге теориялық талдау, жоғары педагогикалық оқу орындарының құжаттарын зерделеу, озық тәжірибелерін талдау, оқу үдерісін бақылау, әңгімелесу, тест, сауалнама жүргізу, сараптау, тәжірибелік-эксперимент жұмысы, нәтижелерін жүйелеу, статистикалық өңдеу.

**Зерттеу базасы:** Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, М.О.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті.

**Ғылыми жаңалығы және теориялық мәнділігі:**

- «өздігінен білім алу», «кәсіби өздігінен білім алу» ұғымдары нақтыланды және болашақ мұғалімдердің кәсіби өздігінен білім алуға даярлығын қалыптастырудың мәні анықталды

- болашақ мұғалімдердің кәсіби өздігінен білім алуға даярлығын қалыптастырудың педагогикалық шарттары айқындалды

- болашақ мұғалімдердің кәсіби өздігінен білім алуға даярлығын қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделі жасалды

- болашақ мұғалімдердің кәсіби өздігінен білім алуға даярлығын қалыптастыру әдістемесі жасалды және оның тиімділігі тәжірибелік-эксперимент жүзінде тексерілді.

**Зерттеудің практикалық маңыздылығы:**

Болашақ мұғалімдердің кәсіби өздігінен білім алуға даярлығын қалыптастыруға негізделген оқу-әдістемелік кешен даярланып, 5B011700 - «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы студенттерін оқыту үдерісіне ендірілді:

1) *Элективті курстың бағдарламасы:*

«Акмеология: жеке және әлеуметтік жетістіктер негізі»

2) *оқу құралдары:*

- «Акмеология: жеке және әлеуметтік жетістіктер негізі»

- «Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінде зерттеу әдіснамасы мен әдістемесі»

3) *электронды оқу құралы:*

«Акмеология: жеке және әлеуметтік жетістіктер негізі»

Зерттеу нәтижелерін жоғары педагогикалық оқу орындарының қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімін кәсіби даярлау үдерісіне, мұғалімдердің кәсіби біліктілігін жетілдіру институттарында, педагогикалық колледждерде, жалпы білім беретін орта мектептердің, гимназия, лицейлердің оқу-тәрбие үдерісінде пайдалануға болады.

**Қорғауға ұсынылатын қағидалар:**

- «Өздігінен білім алу», «кәсіби өздігінен алу» ұғымдарының мәнін нақтылау негізі бізге «*болашақ мұғалімінің кәсіби өздігінен білім алуы* – оның пәндік, психологиялық-педагогикалық, әдістемелік білімдері мен кәсіби маңызды тұлғалық сапаларын өздігінен жетілдіруде шығармашылықпен өзін-өзі жүзеге асыруын қамтамасыздандыратын мақсатқа бағытталған өзіндік танымдық іс-әрекеті» деп тұжырымдауымзға мүмкіндік берді.

- *Болашақ мұғалімінің кәсіби өздігінен білім алуға даярлығы* – кәсіби жетілуінде мақсатқа бағытталған өзіндік танымдық іс-әрекетін өздігінен ұйымдастырудағы және жүзеге асырудағы біліктері мен тұлғалық

сапаларының кіріктірілген сипаттамасы.

- Зерттеу барысында айқындалған педагогикалық шарттар: 1) *болашақ мұғалімнің кәсіби өздігінен білім алуға бағыттылығы*, 2) *кәсіби өздігінен білім алуын ұйымдастыруға жеке бағдарламасының болуы*; 3) *цифрландыру жағдайында кәсіби өздігінен білім алуын мобильдік оқыту формаларымен жүзеге асыруы, жобалық іс-әрекетте өзіндік жетілдіруі* болашақ мұғалімнің кәсіби өздігінен білім алуына даярлығы қалыптасуының негізгі басшылыққа алатын негізгі қағидалары болып табылады.

- Болашақ мұғалімдердің кәсіби өздігінен білім алуға даярлығын қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделі *тұжырымдамалық* (мақсаты, әдіснамалық тұғырлары, қағидалары, шарттары), *технологиялық* (мазмұны, формалары, құралдары, әдіс-тәсілдері), *бағалаушылық* (компоненттер мен көрсеткіштер, деңгейлер) жиынтығымен анықталады.

- Зерттеу барысында жасалған аталған қалыптастыру әдістемесінің мазмұны болашақ мұғалімдердің кәсіби өздігінен білім алуға даярлығының мотивациялық, ұйымдастырушылық, рефлексиялық құрамын қалыптастыруды тиімді жүзеге асыруды қамтамасыздандырады. Нәтижесінде болашақ мұғалімнің тұлғалық еркіндік негізінде мақсатқа бағытталған танымдық іс-әрекетті өздігімен жүзеге асыруға кәсіби тұлғалық сапалары қалыптасады.

**Зерттеуді сынақтан өткізу.** Зерттеу жұмысының негізгі тұжырымдары, теориялық және практикалық нәтижелері халықаралық конференцияларда талқыланды:

1) Актуальные научные исследования в современном мире. VIII Международная научно-практическая интернет-конференция. г. Переяслав-хмельницкий (2015).

2) International scientific review. X International Scientific and Practical Conference «International Scientific Review of the Problems and Prospects of Modern Science and Education». Boston. USA (2016).

3. «Бәсекеге қабілетті маманның ұлттық және әлемдік кәсіби келбетін қалыптастыру» атты Халықаралық ғылыми практикалық конференция материалдары. Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ түрік университеті. Түркістан (2016).

4. European research. Innovation in Science, Education and Technology. Москва (2016).

5. «Қазақстан Республикасы мен әлемдік кеңістіктегі білім және ғылымның даму тарихы, заманауи тенденциялары» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті. Алматы (2017).

6. Итоги 2017 года: научные исследования и разработки. Международной научно-практической конференция. Иркутск (2018)

**Жарияланымдар.** Диссертациялық жұмыстың мазмұны бойынша барлығы 12 еңбек жарық көрді: 4 мақала ҚР БЖҒМ Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынған ғылыми басылымдарда, 2 - Scopus базасына енген шетелдік журналдарда, 6 - халықаралық ғылыми-

практикалық конференциялар жинақтарында, (соның ішінде 4-еуі шетелде өткізілген) жарияланды.

**Диссертацияның зерттеу нәтижелерінің сенімділігі, мақұлдануы, тәжірибеге ендірілуі** оның мәселеге, зерттеудің объектісі, пәні, мақсаты мен міндеттеріне сәйкес кешенді әдістерді қолданумен, таңдалған әдіснамалық тұғырды негіздеумен; тәжірибелік-эксперименттік жұмыстардың ұзақтығы сипатын және тәуелсіз зерттеушілер алған нәтижелердің жеткілікті деңгейде байланыстылығымен қамтамасыз етілді.

**Диссертация құрылымы** кіріспеден, екі бөлімнен, қорытындыдан, қосымшадан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады.